

ҒЫЛЫМИ МАШЫҚТАНУ

Ағымдағы оқу жылында Санкт-Петербург-Пушкин қаласындағы «Бүкілресейлік генетика және ауыл шаруашылық жануарларын өсіру ғылыми зерттеу институты» мемлекеттік ғылыми мекемесінде ғылыми машықтанудан өттім.

жетекші ғылыми маманы, ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты Елена Амангельдиевна Олегсиевич жетекшілік етті. Сонымен қатар ауыл шаруашылық жануарларының генотипін бағалау зертханасының басшысы, б.ғ.к. Ю.Г.Турлованың дәрістерін тыңдадым. Ғылыми зерттеу институтының барлық бөлімдерін аралап, өндіріс барысымен таныстым.

Ғылыми машықтанудың соңында мемлекеттік дәрежедегі сертификат берілді.

Тарихы терең, тағылымы мол қалада орналасқан ғылыми-зерттеу институтынан машықтанудан өтумен қатар, институт басшылығы ұйымдастырған қала ішіндегі экскурсияға барып, мәдени құндылықтар, тарихи жәдігерлермен тереңірек танысып келдім. Осылайша университетіміздің жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі ұйымдастырған машықтанудың арқасында тек ғылыми ғана емес, рухани байлығымды көбейтіп қайттым.

Қазіргі таңда бұл ғылыми зерттеу институты Ресей Федерациясындағы сүтті мал шаруашылығы саласындағы жетекші институт болып табылады. 70 жылдан астам тарихы бар ғылым ордасына сиырдың қара ала тұқымының Ленинградтық түрінің авторы, доктор П.Н. Прохоренко, доктор Н.Г. Дмитриев жетекшілік етсе, 2008 жылдан бастап ауыл шаруашылық ғылымдарының докторы А.В. Егизарян басқарып келеді.

Ғылыми институттың білікті кадрларының құрамы ауыл шаруашылық ғылымдарының докторлары мен кандидаттарынан құралған.

Машықтануды ғылыми-зерттеу институтының мал басын көбейту бөлімінде жүргіздім. Менің машықтанудан өтуіме мал басын көбейту бөлімінің

**К.М.МУТАЕВ,
МТПЖБ-22 топ магистранты**

«Білімділер керуені»

Агрономия факультетінің «Азық-түлік тағамдарының технологиясы» мамандығының I курс студенттерінің қатысуымен физика пәні бойынша «Студенттердің теориялық білімін шыңдап, физика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Шара барысында қатысушылар «Білімді мыңды жығар», «Білімділер керуені» кезеңдерінде пән бойынша алған білімдерін есеп шығару арқылы көрсетіп, берілген сұрақтар мен тапсырмаларға жауап берді, көптеген қызықты мәліметтермен танысты.

Ашық сабақты шығармашылық ізденіспен тартымды әрі қызықты етіп өткізгені үшін ұстазымыз А.М. Бисенғалиеваға алғысымызды білдіреміз.

**Әнел ҚАРЫМСАҚОВА,
ТІП-11 тобының студенті**

Ұрпақтар сабақтастығы

“Экономика және бизнес” факультетінің оқытушыларының ұйымдастыруымен “Ұрпақтар сабақтастығы” атты университетіміздің 50 жылдығына арналған дөңгелек үстел болып өтті.

Тәрбиелік маңызы зор шараға Т.Н. Траисова, А.И. Гиззатова, А.А. Джапарова, С.Х. Бисенов, Ғ.Қ. Молдашев, Н.Н. Пашенко, Ә.Ш. Шамғонов, Р.Г. Жаналиевалар арнайы қонақ ретінде шақырылды. Барлық саналы құмырын ғылымға, қазыналы қара шаңырақтың өсіп-өркендеуіне арнаған ардагерлер мен “Экономика және бизнес” факультетінің оқытушылары, кафедра меңгерушілері және №2 жатақхана студенттері арасында қызықты ойлар талқыланып, ұшқыр пікірлер айтылды. Мағыналы тарихи сыр-сұхбат ретінде өрбіген жылы жүзді кездесу барысында қонақтар “Бұрынғы білім беру жүйесінің артықшылығы мен кемшіліктері”, “Совет Одағындағы білім жүйесінің қандай элементтерін қазіргі заманғы білім жүйесіне қосуға болады?”, “Екі білім

жүйесін салыстырып қарағанда, қазіргі қалыптасқан білім жүйесінің айырмашылығы неде?”, “Қазақстандық білім жүйесінің қалыптасуында ардагерлер мен жас мамандардың қосатын үлесі қандай?”, т.б. сауалдарға қатысты ой-пікірлерін ортаға салса, Ә.Ш. Шамғонов университет тарихы туралы әңгімеледі.

Мағынаға толы, тәрбиелік маңызы бар кеш барысында студенттердің күшімен даярланған концерт қойылды. Студенттер мен ардагерлер арасын жақындататын осындай шаралар университетімізде көп болғай!

**Н.АХМЕТЖАНОВА,
“Экономика және болжамдау”
кафедрасының аға оқытушысы
Н.МҰХАМБЕТОВА,
ВС-41 тобының студенті**